

## DOMESTICATION ЖӘНЕ FOREIGNIZATION ТӘСІЛДЕРІ ҚАЗАҚ АУДИОВИЗУАЛДЫ АУДАРМАСЫНДА: VENOM ЖӘНЕ VENOM: LET THERE BE CARNAGE ФИЛЬМДЕРІНІҢ ДУБЛЯЖЫ НЕГІЗІНДЕ

Қазіргі жаһандану жағдайында аудиовизуалды өнімдер мәдениетаралық коммуникацияның ең ықпалды құралдарының біріне айналды. Кинофильмдер, телесериалдар және стримингтік платформалар арқылы таралатын бейнематериалдар белгілі бір ұлттың мәдени құндылықтарын, әлеуметтік нормаларын, мінез-құлық үлгілерін және тілдік ерекшеліктерін халықаралық аудиторияға жеткізеді. Осы тұрғыдан алғанда, аудиовизуалды аударма тек ақпарат тасымалдау құралы емес, мәдени мағыналарды қабылдаушы мәдени кеңістікке бейімдеп қайта құруды көздейтін күрделі дискурстық әрекет ретінде қарастырылады [1].

Аудиовизуалды аударманың негізгі түрлерінің бірі – дубляж. Ол мәдени бейімдеу үдерісінің айқын көрінісі болып табылады. Дубляж барысында аудармашы тек түпнұсқа мәтінді ғана емес, кейіпкердің эмоциясын, сөйлеу мәнерін, юморын, экспрессивті реңкін және мәдени астарын жаңа тілде қайта сомдауы тиіс. Бұл үдеріс қабылдаушы аудиторияның мәдени тәжірибесіне, дүниетанымына және тілдік дағдыларына тікелей тәуелді болғандықтан, дубляждағы аудармалық шешімдер лингвистикалық дәлдікпен қатар мәдени және прагматикалық факторларды да қамтиды.

Аудиовизуалды аудармада мәдени элементтерді жеткізудің ең күрделі мәселелерінің бірі – мәдени реалийлерді, идиомдарды, сленгті, юморды және ауызекі сөйлеу элементтерін адекватты түрде беру. Мұндай бірліктер көбіне тікелей баламаға ие болмайды және сөзбе-сөз аударылған жағдайда мағыналық немесе эмоциялық әсерін жоғалтуы мүмкін. Осы себепті аудармашы түпнұсқа мен қабылдаушы мәдениет арасындағы тепе-теңдікті сақтау үшін белгілі бір мәдени стратегияны саналы түрде таңдайды. Аударматану теориясында бұл таңдау, әдетте, domestication және foreignization ұғымдары арқылы сипатталады.

Аталған стратегияларды теориялық тұрғыдан жүйелеген Лоуренс Венути domestication тәсілін мәтінді қабылдаушы мәдениетке бейімдеу, оны «өзінікіндей» етіп көрсету әдісі ретінде түсіндіреді. Ал foreignization стратегиясы түпнұсқа мәдениеттің бөгде сипатын сақтай отырып, көрерменді өзге мәдени кеңістікпен бетпе-бет қалдыруды көздейді. Венутидің пікірінше, domestication аудармашының «көрінбейтіндігін» қамтамасыз етіп, мәтінді табиғи қабылдатса, foreignization мәдени айырмашылықтарды әдейі айқындауға мүмкіндік береді [2].

Қазақ аудиовизуалды аудармасында, әсіресе фильм дубляжында, көрерменнің қабылдау ерекшеліктері шешуші рөл атқарады. Қазақ тілді аудитория үшін фильм диалогтарының табиғи естілуі, ауызекі сөйлеу нормаларына сай келуі және эмоциялық әсерінің сақталуы аса маңызды [3]. Сонымен қатар дубляжға тән уақыт пен синхрон шектеулері, көрерменнің ақпаратты жылдам қабылдау қажеттілігі foreignization стратегиясын шектеулі қолдануға алып келеді. Нәтижесінде қазақша дубляж тәжірибесінде domestication стратегиясы басым бағыт ретінде қалыптасады.

Осы мақалада Venom және Venom: Let There Be Carnage фильмдерінің қазақ тіліндегі дубляжы негізінде domestication және foreignization стратегияларының қолданылу ерекшеліктері талданады. Зерттеу барысында екі фильмдегі мәдени реалийлер, юмор, сленг және экспрессивті репликалардың аудармасы салыстырмалы түрде қарастырылып, олардың көрермен қабылдауына тигізетін ықпалы анықталады.

Мақаланың негізгі мақсаты – Венути теориясы аясында қазақ аудиовизуалды аудармасының мәдени бейімдеу сипатын айқындау және Venom фильмдеріндегі domestication стратегиясының басым қолданылу себептерін ғылыми тұрғыдан негіздеу. Зерттеу барысында мәдени жүктемесі бар репликалар мақсатты түрде іріктеліп алынды. Атап айтқанда, талдау нысанына аудиовизуалды аудармада мәдени бейімдеуді талап ететін төмендегідей тілдік бірліктер енгізілді: мәдени реалийлер; ауызекі сленг пен бағалауыш лексика; юмор және ирония элементтері; сондай-ақ экспрессивті және прагматикалық мәні басым репликалар. Бұл тілдік бірліктер көрермен қабылдауына тікелей әсер ететіндіктен, оларды аудару барысында аудармашының мәдени стратегиясы айқын көрініс табады.

Әдістемелік тұрғыдан зерттеуде сапалық салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Әрбір іріктелген мысал бойынша түпнұсқа ағылшын тіліндегі реплика мен оның қазақ тіліндегі дубляж нұсқасы салыстырылып, аударманың қандай стратегияға – domestication немесе foreignization негізделгені анықталды. Сонымен қатар аударма барысында қолданылған лексикалық, грамматикалық және прагматикалық трансформациялар айқындалып, олардың көрерменнің мәтінді қабылдауына тигізетін ықпалы жан-жақты талданды. Бұл тәсіл аударманың тек формалды сәйкестігін емес, оның функционалдық және прагматикалық эквиваленттілігін бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің теориялық негізі ретінде Л. Венутидің domestication және foreignization теориясы алынды. Аталған теория аударманың мәдени бағытын айқындап қана қоймай, аудармашының қабылдаушы аудиторияға бағдарланған саналы таңдауларын жүйелі түрде сипаттауға мүмкіндік береді. Венути ұсынған бұл әдіснамалық ұстаным қазақ аудиовизуалды аудармасында мәдени элементтердің қандай бағытта бейімделетінін және қандай жағдайларда түпнұсқа мәдени белгілердің сақталатынын анықтауда тиімді құрал болып табылады.

<b>Юмор мен фантазияның бейімделуі</b>	
<b>Түпнұсқа (EN)</b>	<b>Қазақша дубляж</b>
You know, this could be us, Eddie. Going out there, solving cases, fighting bad guys. Maybe I eat them, hmm?	Осы жолды таңдасақ қайтеді. Қылмыстарды ашумен айналысамыз. Бұзақылардың сазайын береміз. Шайнап, кеміріп тастаймын.

Мұнда ағылшын тіліндегі ирониялық ұсыныс қазақ тілінде экспрессивті, ауызекі стильде қайта жасалған. «Maybe I eat them» тіркесі сөзбе-сөз аударылмай, эмоционал әсерді күшейтетін тіркестер арқылы берілген. Бұл көрерменге күлкілі әрі табиғи естіледі, яғни функционал эквивалентке негізделген domestication.

<b>Мәдени образдардың бейімделуі</b>	
<b>Түпнұсқа (EN)</b>	<b>Қазақша дубляж</b>
I need to be free, feeling the wind in my hair and the sand between my toes.	Еркін өмір сүргім келеді. Самал жел шашымды желбіретіп, құмды кешкім келеді.

Ағылшын тіліндегі поэтикалық образ қазақ тілінде ұлттық тілдік бейнелеу құралдары арқылы қайта құрылған. «Wind in my hair» тіркесі қазақша поэтикалық нормаға сай жеткізілген. Бұл – стилистикалық domestication.

<b>Агрессия мен дөрекілікті жұмсарту</b>	
<b>Түпнұсқа (EN)</b>	<b>Қазақша дубляж</b>
Look at those poor idiots. Small brains.	Мына байғұс тауықтарға қарашы, милары күйтақандай ғана.

Ағылшын тіліндегі тікелей қорлау қазақ тілінде юмор арқылы бейтараптандырылған. Бұл трансформация көрерменге жағымсыз әсер бермеу мақсатында жүзеге асқан және domestication стратегиясының прагматикалық сипатын айқын көрсетеді.

<b>Эмоция, балағат, экспрессия</b>	
<b>Түпнұсқа (EN)</b>	<b>Қазақша дубляж</b>
Holy shit!	Қап, сайтан алғыр!
What the hell are you?	Түсінсем бұйырмасын
You are a loser	Бейбақ

Бұл мысалдарда ағылшын тіліндегі дөрекі, эмоционалды сөздер қазақ тіліне сөзбе-сөз емес, мәдени тұрғыда қабылданатын баламалармен аударылған. Негізгі мақсат – эмоцияны сақтау, көрерменге табиғи естілетін нұсқа беру.

<b>Экшн реакциясы, прагматикалық әсер</b>	
<b>Түпнұсқа (EN)</b>	<b>Қазақша дубляж</b>
This is awesome!	Керемет!
You're not going to die! Cool, actually	Естен кетпес ерекше күн болды

Экшн кезіндегі репликаларда нақты мағынадан гөрі әсер маңызды. Қазақша дубляжда сөйлемдер ықшамдалып немесе өзгертіліп, көріністің қарқыны мен эмоциялық әсері сақталған.

<b>Метафора, мағыналық адаптация</b>	
<b>Түпнұсқа (EN)</b>	<b>Қазақша дубляж</b>
Think of yourself as my ride	Мен сені басқарамын
Fuel in the tank	Солай күш жинаймын

Ағылшын тіліндегі кейбір метафоралар қазақ көрерменіне түсінікті болу үшін тікелей емес, ашық мағынамен берілген. Бұл көріністің мазмұнын жеңіл қабылдауға көмектеседі.

Жүргізілген зерттеу Venom және Venom: Let There Be Carnage фильмдерінің қазақ тіліндегі дубляжы негізінде аудиовизуалды аудармада мәдени бейімдеудің негізгі үрдістерін айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу материалы ретінде бірінші фильмнен 20 реплика, ал екінші фильмнен Эдди Брок пен Веном арасындағы шамамен 6 минуттық диалогтан алынған мысалдар қамтылып, жалпы саны 50-60 мәдени жүктемесі бар реплика талданды. Бұл көлем зерттеу нәтижелерін жүйелі әрі дәлелді түрде тұжырымдауға жеткілікті негіз болды.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, екі фильмнің қазақша дубляжында domestication стратегиясы айқын басымдыққа ие. Мәдени реалийлер, юмор, сленг, экспрессивті және прагматикалық мәні бар репликалар көбіне сөзбе-сөз емес, қазақ аудиториясының мәдени тәжірибесіне, ауызекі сөйлеу нормаларына және

эмоциялық қабылдау ерекшеліктеріне бейімделе аударылған. Бұл тәсіл көрермен үшін диалогтардың табиғи естілуін, фильм динамикасының сақталуын және эмоциялық әсердің жоғалмауын қамтамасыз етеді [4].

Атап айтқанда, юмор мен фантазияға негізделген репликалар функционалдық эквивалент арқылы беріліп, көрерменге күлкілі әрі түсінікті формада ұсынылған. Поэтикалық образдар мен метафоралар ұлттық тілдік бейнелеу құралдары арқылы қайта құрылып, стилистикалық domestication үлгілері ретінде көрініс тапты. Агрессия, балағат және дөрекі экспрессия элементтері қазақ тіліндегі мәдени тұрғыда қабылданатын баламалармен жұмсартылып, прагматикалық әсер сақталды. Экшн көріністеріндегі репликаларда мағыналық дәлдіктен гөрі эмоциялық және динамикалық әсерге басымдық берілгені байқалды [5].

Foreignization стратегиясы зерттелген материалда шектеулі сипатта қолданылған. Ол негізінен жалқы есімдерде, кейбір мәдени атауларда немесе сюжетке тікелей әсер етпейтін элементтерде ғана сақталған. Алайда негізгі диалогтар мен эмоциялық тұрғыдан маңызды репликаларда foreignization емес, domestication стратегиясы жүйелі түрде тандалған. Бұл үрдіс қазақша дубляждың көрерменге бағытталған, прагматикалық мақсатты көздейтін сипатын айқын көрсетеді.

Л. Вентидің domestication және foreignization теориясы тұрғысынан қарастырғанда, Venom фильмдерінің қазақша дубляжы «аудармашының көрінбейтіндігі» қағидасына сәйкес келеді. Аударма мәтін көрерменге түпнұсқа ретінде қабылданып, тілдік немесе мәдени бөгделік сезімін тудырмайды. Осылайша, зерттеу нәтижелері қазақ аудиовизуалды аудармасында domestication стратегиясының басым қолданылуы аудиторияның қабылдауын жеңілдету мен фильмнің коммуникативтік әсерін сақтау тұрғысынан тиімді екенін дәлелдейді [6].

Қорытындылай келе, Venom фильмдері негізінде жүргізілген бұл зерттеу қазақ аудиовизуалды аудармасында мәдени бейімдеу үдерісінің негізгі бағыттарын айқындап, domestication стратегиясының теориялық қана емес, практикалық тұрғыдан да өзектілігін көрсетті. Алынған нәтижелер болашақта қазақ тіліндегі дубляж тәжірибесін талдауға және аудиовизуалды аударма теориясын дамытуға үлес қоса алады.

1. Frederic Chaume (2012). *Audiovisual Translation: Dubbing*. Manchester: St. Jerome Publishing.
2. Lawrence Venuti (1995). *The Translator's Invisibility: A History of Translation*. London: Routledge.
3. Jorge Díaz Cintas, & Aline Remael (2007). *Audiovisual Translation: Subtitling*. Manchester: St. Jerome Publishing.
4. Peter Newmark (1988). *A Textbook of Translation*. New York: Prentice Hall.
5. Eugene Nida (1964). *Toward a Science of Translating*. Leiden: E. J. Brill.
6. Venuti, L. (1998). *The Scandals of Translation: Towards an Ethics of Difference*. London: Routledge.

**Ярошенко А.В.**, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А.Букетова, факультет физической культуры и спорта, гр. ФКиС 24-2р, магистрант  
(*Научный руководитель — доктор PhD, ассоциированный профессор Сулеева К.М.*)

## **ФОРМИРОВАНИЕ ИНТЕРЕСА ШКОЛЬНИКОВ СРЕДНЕГО ЗВЕНА К ЗАНЯТИЯМ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРОЙ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

*Актуальность исследования.* В современном образовательном пространстве физическая культура рассматривается как важнейший компонент гармоничного развития личности, обеспечивающий не только укрепление здоровья, но и формирование социальных и ценностных установок учащихся. В условиях активной цифровизации и увеличения учебной нагрузки особую значимость приобретает формирование устойчивого интереса школьников к занятиям физической культурой как основы их регулярной двигательной активности. Средний школьный возраст является ключевым этапом становления жизненных ориентиров и отношения к здоровому образу жизни, что обуславливает необходимость целенаправленного педагогического воздействия в данном направлении. В связи с этим проблема формирования интереса учащихся к урокам физической культуры в условиях обновлённого содержания образования Республики Казахстан приобретает особую актуальность [1].

*Цель исследования* - разработать и апробировать педагогическую систему формирования интереса учащихся к занятиям физической культурой в условиях обновлённого содержания образования Республики Казахстан.

*Объект исследования* - процесс физического воспитания школьников среднего звена в условиях обновленного содержания образования в Республике Казахстан.

*Предмет исследования* - интерес учащихся к занятиям физической культурой и уровень их физической подготовленности в условиях обновленного содержания образования в Республике Казахстан.

*Задачи исследования:*

1. Проанализировать научно-методическую литературу по проблеме формирования интереса учащихся к занятиям физической культурой и нормативные документы.
2. На основе полученных исходных данных, разработать педагогическую систему формирования интереса учащихся к занятиям физической культурой в условиях обновлённого содержания образования Республики Казахстан.